

МАТУРИДИ ДУНИЕТАНЫМЫН- ДАҒЫ ДІНИ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ

Ислам тарихында толеранттылықтың пайда болу жөнінде көптеген құнды мысалдар келтіруге болады. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың әртүрлі сенімдегі ру, тайпалармен жасаған келісімі исламдағы толеранттылықтың бір көрінісі. Осындай келісімдердің бірі – 622 жылы мұсылмандар мен өзге сенімдегілер арасындағы Мәдина келісімі немесе Мәдина конституциясы. Енді бір зерттеушілер 628 жылы Худайбийе алқабында болған мұсылмандар мен меккелік пұтқа табынушылар арасындағы бұдан былайғы қарым-қатынастың негізін анықтайтын келісімді де алғашқы толеранттылыққа бастау алған жол деп қарайды. Мәдиналық келісім онда тұратын барлық қауымның тең құқығын әне діни сенім бостандығының құқығын белгіледі. Мұсылмандар, Мәдинадағы діни көпшілікті құрайтындардың бірі ретінде яхудилердің тең құқығы мен міндеттеріне кепілдік берді.

Исламның әлемдегі ең бейбіт дін екендігіне Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріндегі төзімділікке қатысты айтылған сөздер айғақ бола алады. Сондықтан Ислам дінінің кең қанат жайып, тез арада әлемдік дінге айналуы жүзеге асты. Хадистердегі төзімділікті аңғартатын пікірлер мен пайғамбардың кеңестері кейіннен ислам әлеміндегі ғұламалардың еңбектерінен де орын алып, діннің мызғымас тірегі ретінде қызмет етті. Мұның бәрі Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың насихат еткен сөздерінің арқасында жүзеге асты деп ой қорытуға негіз бар.

Ислам паш еткен осындай толеранттылық дәстүр – халықтар мен мәдениеттердің рухани көкжиегін айқындап, адамзат бірлігін паш ететін құндылықтар әлемін қалыптастырды. Ислам шариғатында құқықтық тұрғыдан алғанда бөгде діндегілерге деген төзімсіздік көрсету қағидалары жоқ. Керісінше, жоғарыда келтірілген Құран мен сүннет қағидалары негізінде қоғамдық тұрақтылық пен рухани келісімнің игі дәстүрі дамыған. Ортағасырлардағы өлшем тұрғысынан алғанда халықтар бірлігі мен бейбіт өмірдің мәнді тұжырымы дәл осы Ислам елдерінде көрініс тапты.

Ислам діні кең таралған аумақ түркілер топырағы болды. Исламнан бұрынғы түркілік дәстүрлер мен мәдениет түркі қоғамындағы кең мәдени және діни толеранттылықтың іргетасын қаласа, бір жағынан, түркілердің ислам дінін қабылдағаннан

кейінгі исламдық ұстанымдардың негізгі қағидалары оның толысуына әсер етті.

Түркілер ерікті толеранттылық ұстанымдары мен Ислам дінінің мәдени плюралистік ұғымдарын өзінің мәдени құрылымдарына тоғыстыра білді және мұны әлемдік өлшемде қалыптастырып, адамзатқа жол көрсетті. Осылай түркілерге ғана тән толеранттылықтың әлемдік үлгісі жоғарыда көрсетілген екі жолдың негізінде дамып жетілді. Каспий теңізіне Қытай мен Үндістанға дейін созылып жатқан кең аумақта өте көп діндер мен мәдениеттер тоғысында тіршілік кешкен түркілер, алдымен, тегі бөлек халықтармен бірлікте болуды, ортақтасуды және ұғынысуды жолға қойды. Бұған, бір жағынан, көшпелілік мәдениет те ықпал етті, екінші жағынан ол жергілікті мәдениеттің арқасында жүзеге асты. Үндістаннан, Қытайдан, Ақтеңізге дейін жалғасқан Жібек жолының Орта Азияны басып өтуі түркілердің материалдық және рухани үлкен мәдениетке қол жеткізуіне себеп болды. Түркі әлемінің тарихтың қай белесінде де сан түрлі мәдениеттер мен діндердің өзара тығыз алыс берісі, барыс – келісі белсенді жүріп жатты. Сан қилы мәдени дәстүрлер мен сыртқы қарым – қатынастардың нәтижесінде көшпелі қоғамдардың дәстүрлі құрылымдық негізі трансформацияға түсті, мұның өзі бұл ұлттар мен ұлыстардың тарихи дамуының сипатына, мазмұнына және ерекшелігіне әсер етпей қойған жоқ.

Исламның діни толеранттылық принципі болып танылған «*Сіздің дініңіз өзіңізге, Менің дінім өзіме*» [4] мағынасындағы Құранның аяты еді. Ислам діні бұл аятпен әрқайсысының өзінің сенімі мен мәдениетімен болам десе, еркінде екендігін көрсетеді. Алайда Ислам дініндегі құндылықтардың насихатталуы кері қалмауы керек. Бірақ бұл шақыруды жүзеге асырған кезде де «Адамдарды Раббыңның жолына хикметпен, көркем үгітпен шақыр» иләһи әмірінің аясында, бағытында әрекет етуге міндетті.

Исламды жүрекпен қабылдаған түркілер ислам дінінің бұл нәзік те жіңішке мақсатын кеш түсініп қалған жоқ. Шындығында жүректеріне қонған бұл қасиеттерді исламның осы ұғымдағы түсініктермен шұғылландырды. Өйткені Құранда баяндалған жайттар түркілердің замандар бойы сеніп келген жорамалдарына сүйеніш болды. Мәселен, Құран Кәрімде «*Адамдарды бір-бірін танып-білулері үшін ұлттарға және қауымдарға бөлгендігі*» [2] айтылады. Құрандағы бұл сөз Алланың қалауының плюралистік бағытта көрініс тапқандығын айғақтайды. Адамдардың әртүрлі мәдениетке, әртүрлі тілдер, әдет-ғұрып-

тар ішінде бір-бірлерін пайдаға асыру жолдарын іздеуі қажет. Аяттан түсінілген мағына осы сипатта болуы тиіс.

Осылайша, түркілер замандар бойы өз еріктерін және салт-дәстүрін толеранттылық ішінде таныта білді. Исламдағы діни толеранттылық қағидаларына адамзатты иландырды [3]. Хз. Пайғамбар дәуіріндегі діни толеранттылықтың асыл үлгісі одан кейін бүкіл Ислам мемлекеттеріне жайылды. Бір-екі саяси және әскери ережені қоспағанда, *ғайр-и муслимдерге* («мұсылман еместерге») ешқандай әділетсіздік жасалған жоқ. *Файр-и муслимдер* діни, экономикалық, мәдени және тіпті хұқықтық жеңілдіктерді иеленді.

Түркі топырағынан шыққан ғұламалар да Ислам дінінің негізгі құндылықтарын насихаттап, зерттеу үшін еңбек етті. Өз дәуірінің данышпан ойшылы, кәлам, тәпсір саласында аса танымал болған Имам Әбу Мансұр әл-Матуриди өзінің «*Китабу-т Таухид*», «*Тәуилату-л Құран*» еңбектерін жазып қалдырды. Имам Матуриди «*Тәуилату-л Құран*» кітабында тәуил методын қолданды, яғни Құранның ішкі мәнін ақыл мен нақыл, амал мен ой бірлігіне негіздеді. IX ғасырдың соңы мен X ғасырдың басында Мәуереннаһрда Матуриди мазхабы қалыптасты.

Матуриди еңбектеріндегі біздің назарымызды аударған мәселе – оның Исламнан басқа да діндерге көзқарасы, сонымен бірге Ислам ішіндегі ағымдар мен мазхабтарға қатысты ұстанымы. «*Тәуилату-л Құран*» еңбегінде әртүрлі діндер мен мазхабтарға қатысты пікірлерін келтіріп, олар жөнінде толеранттылық қағидасын ұстанатындығын аңғартады.

Имам Матуриди уақиға негізделген діндердің, яғни шарияттардың өз арасында «таухид» пен «ықылас» сияқты ортақ мәселелерде тоғысқандығына қарамастан, бұл діндердің ұстанушылары өздерін басқа діндерден аулақ ұстауға және өз діндерінің ғана «ақиқат» қалғандарының «жалған» екендігін дәлелдеуге тырысатындығын айтады. Бұл бір діннің ішіндегі мазхабтар арасында да байқалатын құбылыс. Бір мазхаб өкілдері тек өз жолдарының ғана шынайы, басқа мазхабтардың қате екендіктерін алға тартып, оларды үнемі шеттетуге талпынады [4].

Имам Матуриди осы құбылыстарға сын көзімен қарай отырып, мұндай көзқарасты өте ертеден бері адамдардың бойында жалғасып келе жатқан психологиялық кемшілік және еш өзгеріссіз қалған мінез болмысы ретінде бағалайды. Әр дін мен мазхаб өкілдері өз жолдарының дұрыс немесе жаңылыс жақтарын білмесе де, оларды жақтап, мақтауға әуес, басқа адамдардың да

дұрыс немесе бұрыс жақтарын айқын көз жеткізбей тұрып, жамандап, ғайбаттауға құмар болып келеді. Олар бұл әрекеттерін ұстанымдарындағы *иман* қағидасына сәйкес деп иланады және өздерін иман тазасын ұстанғандар деп сипаттап, қателіктерін ақтауға шебер. Алайда иман тұрғысынан келгенде де, қандай да бір кісіні асырамақтау немесе ғайбаттау дұрыс емес. Өйткені *иманның өзегіне*, яғни шынайы сенім мәйегіне бұл мүлдем жат. Матуриди иманның кіршіксіз тазалықта, мінсіз мінез-құлықта ғана тұрақтайтын ең асыл, саф қасиет екендігіне мән бере отырып, жоғарыда айтылған жайттардың иманға қайшы келетіндігін алға тартады. Басқасы туралы жаман ойға беріліп, оған жала жабу кімнің болмасын, жүрегін кірлетіп, иманын әлсіретеді. Ондай адам шайтанның азғыру-арбауына оңай ереді, сөйтіп көңіліндегі дертін қалыңдатып алады. Осыған қарамастан, дін өкілдері бір нәрсеге құлай сене тұрып, бір нәрсені терістеуге бейім тұрады. Басқаша айтар болсақ, барлығының «иманы» бір-біріне ұқсайды, өз бағытын жақтайды, басқа ағымдарды даттайды. Сондықтан Имам Матуриди иманды желеу етіп, өздерінің Құдай сүйген қауым екенін айтудан жалықпайтындардың бұл әрекеттерін сынай отырып, бұл таластың діндер арасына түскен жіктің одан сайын тереңдеуіне жеткізетіндігін тілге тиек етеді. Бұл жағдай көптеген қасіреттердің себебіне айналуы ықтимал. Демек, әрбір ағым мен мазхабтың өз қағидаларын «Алланың діні» немесе «Алланың жолы» ретінде ақиқат деп бағалауы, қалғандарын «адасқан ағымдар» деп көрсетуі ынтымақ пен бейбітшіліктен шалғай жатқан түсінік. Бұл мәселеде олардың кемшін қалып жатқан тұстары – терең ой мен таза ақыл. Егер әркім біраз ойланып, Құран мен хадисте айтылған мәселелерге ақыл жүгіртсе, ағымдар мен мазхабтар арасындағы қайшылықты соншалықты шығандап кетпес еді. Матуриди бұл мәселеде діннің қайнар бастауларындағы айғақтар мен дәлелдерді барынша түсініп, қай дін мен мазхабтың тура екендігін ақыл күшімен айыруды ұсынады [5].

Матуриди таухид дінінің бір болғанына қарамастан, адамдардың неліктен *әртүрлі дін* мен *мазхабтарға* бөлінетіндігін, соның салдарынан алуан түрлі сенімді ұстанатындықтарын талдай келіп, психологиялық параллелизм шеңберінде төмендегідей аналогияны ұсынады:

«Хақ дін» көктен түскен суға ұқсайды. Яғни дәл көктен аққан судың бірдей болатындығы сияқты негізінде Алланың адамдарға жіберген дінінің де тегі бір. Алайда адамдар алуан діндер мен мазхабтарды ұстанады. Көктен жауған нө-

сер тап-таза және біртекті болғанымен, ол түскен жердегі ортаның түр-түсі, дәмі мен иісі әртүрлі сапаға ие. Сол себептен кейбір сулардың дәмі ащы, кейбірі тұщы болып келеді. Судың пайдалануға жарайтыны да, тұтынуға жарамайтын қасиеті де осыдан шығады. Бұл жер бетіндегі жауһарлардың түрлі-түрлі болуына байланысты. Егер жер жүзінде барлық аймақта да табиғи орта бірдей болса, көктен аққан судың барлығы тұщы және мөлдір болар еді.

Дін де осындай. Яғни барлық діннің асылы бір діннен бастау алады. Адамдардың өміріне мән беріп, шынайы сенімді ұстануға негіз болған діннің шарифат жүйесі бір, қалғандары жоғарыда айтылған ащы судың сапасына ұқсайды. Демек, діннің шынайы тегі барлық адам баласы пайдаланып, өмірінің қажетіне жарататын мазмұнда түскен. Алайда ол жер бетіне тарағаннан кейін алуан жағдайларға қарай өзгерістерге ұшырайды. Бұл адамды тура жолға бастай алмаған діндегі о бастағы дұрыс қағидаларды мүлдем басқаша етіп өзгерткен тек адамдардың ұстанымдары, мінез-құлықтары, дүниетанымдары болатындығын айғақтай түседі [6].

Имам Матуриди өз кезегінде әрбір дін өмір сүрген кезеңінде «таухидты» жер бетінде жүзеге асыруға міндетті болып табылады. Сондықтан кез келген дін өкілінің бұл жағдайды білуі және пайғамбарлардың келуіне орай өзгерген дін, шарифат ұстанымдарына қарсылық көрсетпеуі, *тәкаппарлық* пен *менмендікке* түспеуі маңызды. Матуридидің көзқарасы бойынша, адамдар үшін мұның идеал болғанына қарамастан, көптеген дін ұстанушылар алуан әлеуметтік, саяси және мәдени факторлардың ықпалымен шынайы дінге өтуді қаламайды, керісінше өз дінінің нағыз тура жол екендігін айтып, алған бетінен қайтпайды.

Барлық дін өкілдері де діндерін *ақыл мен дәлел* діні саналатын, *уахиға* сүйенетін «Ибраһим дінінің», яғни «хақ діннің» жалғасы ретінде сипаттайды. Өйткені Хз. Ибраһим *тақлидқа* (еліктеу) емес, *ақыл* мен *дәлелге* мән беріп, адамдарға, дінде ақылды қолдану және айғақ келтіру мәселесінде үлгі болған пайғамбар. Осы тұрғыдан алғанда, «Ибраһим діні» ақыл мен дәлелге сүйенген «таухид діні» және қайнары *уахи* болған «*ханиф діні*» болып танылған.

Имам Матуриди «Ибраһим дінінің» жалғасы деген ұғым бір діннің дұрыстығы немесе шынайылығы, яғни «хақ дін» мәнін білдіретіндіктен, барлық діннің өкілдері өз ұстанымдарының «Ибраһим дінінің» жалғасы екендігін, немесе Хз.Ибраһимнің өз діндерінен шыққандығын айт-

ып таласып келе жатқандығын айтады. Мәселен, яһудилер Хз.Ибраһим пайғамбардың діні Яхуди діні болған деп жорамалдайды, ал христиандар болса, Ибраһим пайғамбардың христиан екенін айтып таласады.

Матуриди Хз.Ибраһимнің діні мәселесінде яхуди мен христиандардың таластарын түкке тұрғысыз, мәнсіз, тіпті сандырақ деп бағалайды. Өйткені Хз. Ибраһим пайғамбардың діні барлық діндерден бұрын дүниеге келген. Яғни *Тәурат* пен *Инжіл* де Хз.Ибраһим пайғамбардан кейін түсірілген. Демек, олар бұл жаңсақтыққа білместікпен ұрынған, немесе біле тұра, қасақана өз діндерін көтермелеу мақсатында осылай жасап отыр. Алайда Матуридидің пікіріне қарағанда, олар тегінде, Хз.Ибраһимнің «*ханиф*» және «*мұслим*» сипатты пайғамбар болғанын біледі, бірақ оны мойындауға дәтгері бармай, *тәкаппарлық* пен *қырсықтық* себебінен жалған сөйлейді.

Сол себептен Имам Матуриди «Хз. Ибраһим біздің дінімізден» деген жаңылыс, «Біз Ибраһим пайғамбардың дініндеміз» деу дұрыс деп есептейді. Алайда «Ибраһим дінін» ұстанатын адам оның қойған шарифаты мен қағидаларына сәйкес амал қылып, сол жөнмен пікір етуі тиіс [7].

Демек, жоғарыда айтылғандай, *уахи* негізіндегі діндердің барлығында «таухид» қағидасы бар. Дегенмен бұл діндердің ішіндегі ең дұрысы да «таухид» ұстанымына амал етіп, Құдайдың бірлігін шынайы мойындайтын дін. Яхуди мен христиандар себеп болған бұл дауды теріске шығара отырып, Имам Матуриди мұсылмандардың өздерін шынайы «таухид діні» өкілдері көрсетуін әділ әрі шынайы деп көрсетеді. Өйткені Құранда айтылғандай, Ислам діні соңғы кемел дін, әрі соңғы толық шарифат, яһудилер мен христиандар өздерінің *діни дәстүрлерін* сақтау және *Ислам діні* алдында өз діндерін қорғау сылтауымен бұл ақиқатты мойындамайды.

Матуриди болса, бұл мәселеге былай талдау жасайды, иманның мақсаты – ақиқат қай жерде болмасын, қай жерге түспесін оған иман ету болып табылады. Ал еврейлер пайғамбарымыз Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) миссиясын өздеріне қатысы жоқ миссия ретінде қарады [8]. Мысалы, өздерінен шықпаған ғалымға ғұлама, пайғамбарға пайғамбар деп қарамады. Пайғамбарлығына сенсе де, «Біздің пайғамбарымыз емес» деді. Соңғы пайғамбар хазірет Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), оған түскен қасиетті Құранға да сенбей, ол біздің тілде жазылмаған, арабтардың пайғамбары және арабтарға келген кітап деп қабылдады.

Біз, тек қана бізге келген «Тәуратқа» сенеміз деді. Алайда, Тәурат пен Құранның иесі бір Алла тағала болатын [9].

Бүкіл иләһи кітаптарға сену деген сөз барлық қасиетті кітаптар мен пайғамбарларды мойындау дегенді білдіреді.

Имам Матуриди осы тұрғыда Хз.Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың дінінің нағыз «таухид діні» екендігін алға тарта отырып, басқа пайғамбарларға қарағанда, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың дәрежесінің жоғарылығына дәлелдер келтіреді. Хз.Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар әрі жындарға, әрі адамдарға пайғамбар болып жіберілген. Құранда да оның есімі тікелей емес, «Ей, нәби!», «Ей, расул!», «Ей, Алланың расулы болған Мұхаммед» деп айтылады. Оның үмбетінің де басқа үмбеттерден қадірлі екендігі Құрандағы «Ей, иман еткендер!», «Ей, мүминдер!» деген қаратпа сөздерден аңғарылады [10].

Матуриди «әһлі кітап» өкілдерімен диалог мәселесіне де еңбегінде барынша орын береді. Имам Матуриди «әһлі кітап» ішінде де бұзылмай сақталған және классикалық діни түсініктерін жалғастырған адамдардың және әртүрлі топтардың бар екендігіне, сонымен бірге кітаптарын өзгертіп, жаңылыс жолға түскен, шоқыну т.б. рәсімдер қосқандардың саяси-әлеуметтік және мәдени факторлардың ықпалында болғандығына күмән келтірмейді. «Әһлі кітап» өкілдерімен байсалды қарым-қатынаста болу керек екендігіне назар аударады. Мәселен, Матуридидің көзқарасы бойынша «Сіздің дініңіз сізге, менің дінім маған» аяты «әһлі кітап» үшін емес, ешқашан Алланың бірлігі мен Исламды қабыл етпеген және ешқашан Аллаға құлшылық қылмаған, әрі одан кейін де қылмайтыны нақты белгілі болған, тіпті Хз. Исаны да мойындамаған қауым үшін айтылған.

Матуриди «әһлі кітаптың» үлкен бөлігін басында иман келтірген, соңында әртүрлі себептерге байланысты иманынан бас тартқан, бірақ кейін тәубе қылып, бұрынғы сенімдеріне қайтуға бейім тұрған діни топ ретінде сипаттайды. Олардың бір бөлігі, бастапқыда Мұхаммед пайғамбардың пайғамбарлығын және Құранның хақтығын қабыл еткен болатын. Сондықтан Имам Матуриди «әһлі кітап» өкілдерімен әдепті қарым-қатынаста болуды, діни сұхбаттарда ақыл мен жаратылысқа үйлесімді, кітаптар мен пайғамбарлардың жіберілу мақсатына сәйкес тәсілдердің қолданылуын жөн көреді. Өйткені дінде жаңсақ жолға тіпті күпірге ұрынған адамдармен диалогты үзбеу, олармен байланысты жалғастыру әрі көктен түскен кітаптар, әрі ақыл мақұл-

даған мінез болмысы болып табылады. Тек осы тұрғыдан ғана «дін өкілдерінің бірлігі» жүзеге асырылады.

Имам Матуриди классикалық дерек көздерінде «адасушылар қауымы», «адасқан ағым» сияқты ұғымдармен сипатталып келген Мутазила, Хауариж, Шиа сияқты ағымдарды мұсылман ретінде қабыл етіп, оларды кәпір деп көрсетпеген.

Имам Матуриди Сабиилерге қатысты пікірінде «Оларға кітап түспеген. Біз олардың кім екендігін білмейміз. Олар жайында біліміміз аз» деп, бұл ағымды танып-білмей жатып, қаралаудан, жала жабудан сақтандырады. Сонымен қатар «Діннен бөлінгендер жайында кәпірлер, әһлі далал, Харурийе, яхудилер мен христиандар

деп айтылғанымен, біз оларды жете танымаймыз және бұл тақырыпта айғақ болатын мәліметіміз де жоқ» дейді [11]. Бұл сөздерге қарап отырсақ, Имамның өзі жете білмейтін мәселеде үндемеуді артық көргендігін аңғарамыз. Бұл да төзімділіктің бір көрінісі екендігі айқын.

Қорыта келгенде, Имам Матуриди өз еңбегінде басқа діндер мен Ислам діні ішіндегі ағымдарға қатысты құрмет пен төзімділікті маңызды санағандығын байқауға болады. Ол, бір жағынан, діндер мен ағымдар арасында терең жік пайда болудан сақтандырады, екіншіден, танымайтын, білмейтін мәселеде жалған айтып, жала жабудың алдын алады. Имам Матурийдің толеранттылық ұстанымының осы тұрғыдан бүгінгі күн үшін де өте маңызды екендігі анық.

Әдебиеттер

- 1 Kafirun suresi, 6-ayat.
- 2 Nakhil suresi, 125-ayat.
- 3 Günay, Ünver. Türklerin Dini Tarihinde ve Kültüründe Çoğulculuk ve Hoşgörü, Erciyes Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi, 1998, sayı: 10. – s. 49-68.
- 4 Abu Mansur al-Maturidi. – Ragyp patsha kitapkhanasy. 67 a, 309 a, 338 a, 667 b, 748 b.
- 5 Maturidi, Tauilat, p. 189^a, 338^a
- 6 Maturidi, Tauilat, p. 309^a. 309b.
- 7 Maturidi, Tauilat, p. 22^a, 67b, 173b, 388b, 412^a, 413^a, 507^a.
- 8 Kalmakhan Erzhan. Maturidi akidasy (Paigambarlarga iman). – Almaty: «Kokzhiek – B» baspasy, 2011. – 176 b.
- 9 Maturidi, Tauilat, p. 15 a
- 10 Hanifi ÖZCAN. Mâtüridi'deDini Çoğulculuk. – İstanbul – 1995. -140s.
- 11 M.Saffet Sarıkaya. Maturîdî'nin Din Anlayışında Hoşgörü. / e-makâlât Mezhep Araştırmaları, III / 2 (Güz 2010). – ss. 145-164 / www.emakalat.com